БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№116 (9178) | 1953 жылғы 12 июнь Жұма | Шығуына 34 жыл Жеке саны 20 тыйын.

БЛКЖО—бүкіл мемлекеттік және шаруашылық құрылыста партияның белсенді көмекшісі. Комсомол ұйымдары социалистік құрылыстың барлық саласында, әсресе, бастауыш партия ұйымдары жоқ жерлерде, партия директиваларын іс жүзінде белсене жүзеге асырушылар болуға тиіс.

(СОКП Уставынан).

Партия басшылығы—комсомол жұмысының табысты болуының негізі

И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегімен және оның партияның XIX съезінің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзімен, съезд материалдарымен жігерленген совет жастары елімізде коммунистік қоғам орнату күресіне белсене қатысуда. Ал, комсомол ұйымдары жастарды коммунистік рухта тәрбиелеп, оларды коммунизмнің белсенді құрылысшылары етіп өсіруде. Демек, комсомол әрқашан коммунистік партияның жауынгер көмекшісі болып келеді және бола бермек.

Міне, сондықтан да комсомол ұйымдарының бүкіл жұмысына партиялық басшылықты жақсарта берудің зор маңызы бар. И. В. Сталин жолдас партия басшылығын қамтамасыз ету комсомолдың бүкіл жұмысындағы ең басты және ең маңызды мәселе екенін үнемі ескертіп келді. Сталиндік бұл нұсқау партияның жаңа Уставында толық бейнеленген. «Комсомол ұйымдары, —делінген СОКП Уставында—социалистік құрылыстың барлық саласында, әсресе, бастауыш партия ұйымдары жоқ жерлерде, партия директиваларын іс жүзінде белсене жүзеге асырушылар болуға тиіс». Сонымен қабат, партия Уставы комсомол ұйымдарының жұмысына партия басшылығын мейлінше жақсарту жөнінде зор талап қойды.

Партияның XIX съезінің қарарларын орындай отырып, облыс партия ұйымы комсомол ұйымдарының жұмысына басшылықты біраз жақсартты. Көп жерлерде партия комитеттерінің бюро мәжілістері мен пленумдарында, бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстарында комсомол жұмысының жайы туралы арнаулы мәселелер жиі талқыланатын болды. Мұның өзі комсомол ұйымдарының ролін арттырып, олардың саяси- шаруашылық міндеттерді орындау күресінде белсенділігін күшейте түсті.

Алайда, комсомолға партия басшылығы барлық жерде өз дәрежесінде деп айта алмаймыз. Өйткені, бірқатар бастауыш партердің есебінің дұрыс жүргізілмеуі, комсомол оқуы жүйесіндегі бірсыпыра үйірмелердің сабағы күнілгері тоқталып қалуы, бастауыш комсомол ұйымдарының секретарьлары жиі ауыстырылуы партия ұйымдарының комсомол ұйымдарына басшылығының жеткіліксіз болуын дәлелдейді. Ендігі жерде бұл сияқты елеулі кемшіліктерге тіпті де төзуге болмайды.

Партия ұйымдары комсомол ұйымдарына өздерінің басшылығын мейлінше жақсарту арқылы өнеркәсіп орындарында, колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, мекемелерде, оқу орындарында жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу ісін ойдағыдай жүргізе білулері керек. Бұл үшін еңалдымен комсомол ұйымдарының ішкі жұмысының дәрежесін жоғары сатыға көтеріп, ұйымның ұйымдастырушылық ролін арттыру қажет.

Комсомол ұйымдарының жұмыстарын өскелең талаптарға сай ұйымдастыру үшін комсомол кадрларын іріктеп алудың, оларды тәрбиелеудің зор маңызы бар. Сондықтан бұл мәселеге ерекше назар аударылуға тиіс. Басшы комсомол қызметкерлерінің, әсресе, бастауыш комсомол ұйымдары секретарьларының жиі ауысуына жол берілмеуі керек. Көп жерлерде бастауыш комсомол ұйымдары секретарьларының семинарлары кезінде өтпей келеді. Комсомол ұйымдары басшыларының іскерлік қаблетін арттырмайынша комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту мүмкін емес. Комсомол комитеттері және бастауыш комсомол ұйымдары секретарьларының тұрақты семинарлары үнемі өткізілін тұруы, онда комсомол жұмысының практикалық мәселелері кеңінен талқылануы керек.

Жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу міндеті идеологиялық жұмыстың барлық участогін күшейтуді қажет етеді. Олай болса, идеологиялық жұмыстың маңызды участоктері —комсомолдың саяси оқуын, жастар арасындағы лекциялық насихаттың, саяси үгіттің тыңғылықты ұйымдастырылуы маңызды міндеттерінің бірінен саналады. Кәзір партия ұйымдары

Пар—мол өнімнің негізі

Тапсырманы асыра орындағандар

Быйыл Свердлов атындағы колхоздың (Полудень ауданы) егіс даласында жұмыс істейтін Похилько жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері егіс жұмыстарының жоспарын 105 процент орындап шыққан- ды. Кәзір трактершылар пар жыртуда жұмыс істейді. Ерте жыртылған пар егін шығымдылығын арттыруда зор роль атқаратынын жете ескере отырып, олар бұл жұмыста қажырлы еңбек етуде.

Трактершы И. Пытьев жолдас «СТЗ—НАТИ» тракторымен 8 гектар орнына 9,5—10 гектардан жер жыртып, үздік табыстарға ие болып келеді. Жас трактершы комсомолка Л. Выходцева жолдас та осындай трактормен сменалық тапсырманы 110-115 процеттен орындап жүр. «СТЗ» тракторын жүргізетін П. Кесен және М. Душнуев жолдастардың әрқайсысы бір сменада 4 гектар орнына 4,5-5 гектардан жер жыртты, 200 килограмм жанар, жағар майын үнемдеді.

Трактершылардың осындай қажырлы еңбек етуі нәтижесінде соңғы бес күндікте бригадада пар жырту жоспары 209 процент орындалды.

З. МҰХАМЕДЖАНОВ.
ҚКП Полудень аудандық комитетінің нұсқаушысы.

Келесі жылдың егісі үшін

Приишім ауданындағы «Большевик» колхозының колхозшылары келесі жылдың егісінің қамын жете ойластыруда. Алдағы жылы егіннің барлық көлемінен мол өнім алуды көздеген олар пар жыртуды табысты жүргізді. Осы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін № 18 трактор бригадасының механизаторлары пар жыртуда еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Механизаторлардың көпшілігі бұл жұмысқа тракторлардың қуатын тиімді пайдаланып, сменалық норманы үнемі артынымен орындады. Осының арқасында бригадада аз күннің ішінде 350 гектар пар жыртылды.

Пар жырту «Бостандық» ауылшаруашылық артелінде де қызу жүргізілді. Мұнда да механизаторлар өнімді еңбек үлгісін

Берік жемшөп қорын жасау—аса маңызды міндет

☆ ☆

Мал шаруашылығын өркендете береміз

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында көрсетілген міндеттерді орындау жолында совхоз коллективі жанаямай еңбек етуде. Бесінші бесжылдықта біздің совхоздың қоғамдық малының саны көбейіп, оның өнімділігі арта түспек. Мұндай күрделі міндетті табысты орындауға совхоз малшылары өздерінің күш-жігерін аямай жұмсауда. Олар малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шықты. Малды өз төлі есебінен көбейту үшін төл алу науқанын үлгілі өткіздік. Алынған төл аман өсіріліп келеді.

Төл алуда № 3 ферманың коллективі бірқатар игілі жұмыстар істеді. Бұған фермада үстіміздегі жылы 145 сыйырдан 145 бұзау алынып, оның шығынсыз өсіріліп отырғанын айтудың өзі-ақ жеткілікті. Қоғамдық мал санын өз төлі есебінен көбейту ісінде ферманың бұзау күтушілері айырықша еңбек етіп келеді. Мысалы, бұзау күтушілер М. Нефедова, В. Энес жолдастар осындай малшылардың бірі. Бұлар қарамағындағы бұзауларды зоотехникалық талаптарға сай бағып күтеді. Таңдаулы малшылар қарамағындағы әрбір бұзаудың тәуліктік салмағын 600 грамм орнына 800 грамға дейін жеткізуде.

Қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда малды жазда жайып бағуды үлгілі ұйымдастырудың зор маңызы бар. Біз мұндай маңызды жұмысты үлгілі ұйымдастырып келеміз. Әрбір фермада мал табын-табынымен арнаулы жайылымдарға бағылады. Малшылар күн сайын малды мезгілімен өріске шығарып, оның тойына оттауын және суарылуын қамтамасыз етеді.

Фермаларда сауын сыйырларды жайып бағу тыңғылықты ұйымдастырылған. Сыйырлар ең күнарлы жайылымдарда бағылады. Біз сыйырларды жайып бағумен

шіліктер туғызып келеді. Тыңғылықты күтімнің нәтижесінде сауын сыйырлардан сүт барған сайын көп алынуда. Совхозда өткен 4 ай ішінде сүт дайындау жоспары 116 процент орындалды. Сүт дайындаудың соңғы күндердегі графигін де мінсіз орындап келеміз.

Сүт дайындауда сауыншылар жақсы нәтижелерге ие болып жүр. Мұндайлардың қатарында Петрушная, Новикова, Қоқыбаева жолдастар сияқты сауыншылар бар. Бұлар сыйыр саууда ғылым мен тәжрибе табыстарын батыл қолдана отырып, сүт саууда айтарлықтай табыстарға жетті. Жыл басынан бері олардың әрқайсысы сүт сауудың күндік графигін бұлжытпай орындап келеді. Қоқыбаева жолдас кәзірдің өзінде қарамағындағы әрбір сыйырдан 1300 литр сүт алды. Бұл белгіленген нормадан едәуір артық. Басқа сауыншылар да сүт алудың графигін артығымен орындап, өздерінің қабылдаған көтеріңкі міндеттемелеріне сай нәтижелерге жетті.

Қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендете беру үшін үстіміздегі жылы жемшөптің мол қорын жасаймыз.

Шөп шабуға үлгілі әзірлікпен кірістік. Пішен шабу және оны маяға салу жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізіп, қоғамдық мал үшін құнарлы жемшөпті өткен жылғыдан әлде қайда көп өндіреміз. Быйыл сүрленген шөп мол дайындалады. Бұл үшін сүрленетін дақылдарды мезгілінде орып жыйнаймыз және оны дұрыс сақтаймыз. Сүрленген шөпті сақтайтын орларды қазу жұмыстарын кәзірден бастап қолға алдық. Осы сияқты, қоғамдық малды қысты күні жылы, жарық қоралармен қамтамасыз етеміз. Мал қораларын салу және ескі қораларды жөндеу жұмыстары кәзірден бастап жүргізіліп жатыр.

Қоғамдық малды жазда жайып бағуды үлгілі өткізіп және оны қысқы маусымда

Өнеркәсіп орындарында

А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты коллективінің жылдық жоспарды орындау жолындағы қажырлы күресінде ет тұздаушы Елизавета Панфилова күн сайын екі нормадан орындап, үнемі озаттар қатарында келеді.

СУРЕТТЕ: **Е. Панфилова** жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

350.000 ДЕЦИМЕТР

Октябрь революциясы атындағы былғары заводы қаладағы алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бірі. Заводтың партия, кәсіподақ ұйымы мен шаруашылық басшылары социалистік жарысты ұйымдастырып, алынған міндеттемелерді орындау күресіне бүкіл коллективті жұмылдырып отырады.

Кәзір жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер бірінші жартыжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін күресті күшейте түсуде. Сонымен қатар, олар өнім сапасын арттыру ісіне ерекше көңіл бөлуде. Завод бес айдың жұмыс жоспарын 111 процент орындап, елімізге жоспардан тыс мыңдаған сомның былғары өнімін берді. Коллектив сәй сайын [illegible]

тия ұйымдары мен аудандық партия комитеттері партиялық жұмыстың негізгі бір саласы —комсомол ұйымдарына басшылықты мүлде қанағаттанғысыз жүргізіп отыр.

Совет ауданының «Новый быт», «Игілік», Киров атындағы колхоздардың бастауыш партия ұйымдары соңғы бір жылдың ішінде партия жиналысында комсомол ұйымының жұмысы туралы бірде-бір рет мәселе қарамаған. Олар комсомол жиналысының айлап шақырылмауына төзіп келді. Ол-олма, аудандық комсомол комитетінің пленумдары да белгіленген мерзімде өткізілмейтін болған. Ал, өткізілген пленумдардың дәрежесі төмен болып келген. Бұл ауданда комсомол ұйымдарының жұмыс дәрежесі осылай бола тұрса да, аудандық партия комитеті олардың жұмысын жақсарту жөнінде әлі тиісті шара қолданбай келеді.

Комсомол ұйымдарының жұмысына партия ұйымдарының басшылығы жалғыз Совет ауданында ғана емес, Октябрь, Конюхов, Соколов аудандарында және қалада да тиісті дәрежеде болмай отыр. Қала комсомол ұйымында жүздеген комсомолец-комсомолдың саяси оқуы жүйесінде оқу жылының үлгілі аяқталуына және жаңа оқу жылына әзірліктің ойдағыдай жүргізілуіне басшылық пен бақылауды күшейтулері керек. Комсомолдың саяси оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептердің жетекшілері мүмкіншілігіне қарай даярлығы мол коммунистер есебінен толықтырылған жөн. Комсомолдың саяси оқуы жүйесіндегі насихатшылардың жазғы кездегі семинарлары мен курстарын ұйымдастыруға жете назар аудару қажет.

Бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында, партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде, пленумдарда комсомол жұмысының жайы туралы мәселелер жиі талқыланып тұруы керек. Комсомол ұйымдарына нақтылы басшылық етпейінше олардың жұмысын жақсарту жөнінде сөз болуы да мүмкін емес.

Партиялық басшылықты мейлінше жақсарту арқылы комсомол ұйымдарының барлық жұмысын бүгінгі күннің өскелең талаптарына сай ұйымдастырайық! Сойтып, барлық комсомолецтер мен жастардың халық шаруашылығының бүкіл салаларында белсене еңбек етуіне жетісе берейік!

Украина астанасының еңбекшілері соғыстан кейінгі жылдарда көлемі біржарым миллион шаршы метрден асатын жаңа тұрғын алаңдар алды. Қалада кәзір 200-ге жуық көп этажды үйлер салынуда. Соғыс кезінде гитлершіл басқыншылар тұтелінен қыйратқан қаланың орталық магистралі— Крещатик бүгінгі күні жаппай құрылыс алаңына айналған.

СУРЕТТЕ: Киевтің орталық магистралі—Крещатиктегі тұрғын үйлер құрылысының көрінісі.

(СОТА-ның фотохроникасы).

көрсете білді. Мәселен, № 8 трактор бригадасының тракторшылары Т. Мұқанов, Б. Сапаров жолдастар күрделі табысқа жеткен механизаторлар.

Механизаторлардың жемісті еңбегі нәтижесінде колхозда пар мол жыртылды.

М. ҚАЖЫБАЕВ.

Мол өнім үшін күрес

Заграчев жолдас басқарған № 11 трактор бригадасы Ворошилов атындағы (Пресное ауданы) колхоздың егіс даласында жұмыс істеп жүр. Бригада көктем егісі кезінде жұмыс жоспарын 102 процент орындады. Кәзір бригада мүшелері пар жыртуды қызу жүргізуде.

Тракторшылар Руденко, Колесников жолдастар көктем егісі кезіндегі сыяқты пар жыртуда да еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Смена сайын 12 гектар орнына 13 гектар пар жырту—олардың дағдылы ісі. Сондай-ақ тракторшы Конкин жолдас та пар жыртуда сменалық тапсырманы үнемі артығымен орындауға жетісті.

Бригадада мұндай тракторшылардың қатары күн санап көбейе түсуде. Мұның өзі пар жырту жоспарын бригаданың абройымен орындап шығатындығының кепілі.

В. СКИБСКИЙ.

ғана қанағаттанбаймыз. Сыйырларды қолдан азықтандыруды кеңінен қолданамыз. Осы үстіміздегі июнь айының аяғынан бастап сауын сыйырларға қолдан көкшөп беріледі.

Сауын сыйырларды жақсы күтімде ұстау олардан сүтті көп алуға зор мүмкін-

күнарлы жемшөпшен, жайлы қоралармен мол қамтамасыз етіп, партияның XIX съезінің мал шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойған міндетін мінсіз орындап шығамыз.

М. МЕЙІРБЕКОВ,
Тоқшын совхозының директоры.

Озат машинистер

Соколов ауданының бірқатар колхоздарында шөп шабу жұмыстары ұйымшылдықпен жүргізіліп жатыр. «Красный агроном» колхозында шөп шабуда екі агрегат жұмыс істеп жүр. В. Домбицкий жолдас басқарған агрегатта шөп шабу ойдағыдай жүргізіліп келеді. Мұнда үш күн ішінде 105 гектар жердің пішені шабылды. Агрегаттағы машинистер еңбек өнімділігін еселеп арттырып, сменалық тапсырманы толық орындайды.

Осы колхозда жұмыс істейтін машинист Фундра жолдас шөп шабуда үздік табыстарға жетіп жүр. Ол әрбір сменада жұмыс уақытын тиімді пайдаланады. Кәзір Фундра жолдас өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасымен күндік норманы артығымен орындауда. Ол алғашқы сменалардың өзінде-ақ 95 гектар алаңның пішенін шабуға жетісті.

Колхозда шабылған шөп жыйналып,

маяға салынуда. Бұл жұмысқа күш-мүмкіншілік жеткілікті бөлінген. Шөпті маяға салу жұмыстарын Дадашов, Вишневский жолдастар басқарады. Мая салудағы колхозшылардың барлығы дерлік өнімді еңбек етіп жүр. Соның нәтижесінде колхозда екі күннің ішінде 164 центнер шөп маяланды.

Шөп шабуда ауданның Буденный атындағы, Сталин атындағы, «Дозор Ильича» колхоздарындағы машинистер де еңбек үлгісін көрсетуде. Буденный атындағы колхозда 127 гектар, Сталин атындағы колхозда 200 гектар және «Дозор Ильича» колхозында 170 гектар алаңның пішені шабылды. Аталған колхоздардың өрқайсысында шабылған шөпті жыйнау, оны маяға салу жұмыстары да жүргізілуде. Шөп шабу, жыйнау, маялау жұмыстарының арасында алшақтық жоқ.

А. ПОПКОВ.

териалдар есебінен бір—екі күн жұмыс істейді.

Жыл басынан бері завод 350 мың дециметр былғары үнемдеді. Бұл 17 мың пар аяқкиім тігуге жетеді.

Заводтың өндірістік барлық көрсеткіштері бойынша жақсы нәтижеге ие болуына И. Волков, С. Сафронов, Г. Белов, В. Марченко жолдастар сыяқты жүздеген озаттар өздерінің келелі үлестерін қосуда.

М. БОЛАТОВ.

ОЗАТ ЦЕХТА

Паровоз депосы механикалық цехында жұмыс істейтін көптеген токарлар, фрезеровщиктер мен строгальщиктер — өздерінің жұмыстарында бастамалар мен озат әдістерді кезінде және тиімді қолданушылар.

Цехтағы фрезер станогінің токарі А. Пастухов жолдас екі станокті бірдей басқарып, өткен айдың тапсырмасын 357 процент етіп орындап шықты. Ал, бригадааралық социалистік жарыста Б. Верхотина жолдас басқарған бригада алда келеді. Май айында олар өндірістік жоспарды 247 процент орындап, үлкен табысқа ие болды.

Ж. СМАҚОВ.

Егіншілерге кеңес

Егінді күту жолдары

Кәзір ауа райы барлық жерде ауылшаруашылық дақылдары егісінің жақсы көктеп өсуіне қолайлы жағдай жасауда. Май айында болған жауын-шөшіннен кейін егін тез көктеп өсіп келеді. Осымен бірге егіс алаңында арамшөптер де пайда бола бастады. Арамшөп әсресе көктемде жыртылған егістік жерлерде көбірек байқалады. Арамшөп өзінің бойына ылғалды көп тартып, егіннің өсуіне зыянын тигізеді, оның өсіп жетілуіне, егіннің бүкіл көлемінен мол және тұрақты өнім алуға бөгет жасайды. Отамалы дақылдар егілген алаңда арамшөптің өсуі бұл дақылдардың шығымдылық сапасын жойып, өнім бермеуіне әкеліп соғуы мүмкін. Барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу үшін егінді күтіп баптауды, оны арамшөптерден және зиянды жәндіктерден сақтауды үлгілі ұйымдастырудың маңызы ерекше зор. Әрбір шаруашылықта егіннің арамшөбін кезінде отап, жойып отыру керек.

Облыстың бірқатар алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары егінді күту, әсресе, оның арамшөбін отау жұмыстарын деркезінде қолға алды. Мысалы, Соколов ауданындағы «Заря коммунизма» колхозында тұқымдық дақылдар егілген алаңның арамшөбін отау, күнбағысты культивациялау қызу жүргізіліп жатыр. Полудень ауданындағы «Красное знамя» колхозында бұршақты арамшөптен тазарту аяқталды, бұл күндерде мұнда күнбағыс пен тамыржемісті дақылдардың қатараралығын культивациялау, олардың арамшөбін отау ойдағыдай жүргізіліп келеді. Ауылшаруашылық дақылдарын күту, әсресе, олардың арамшөбін отау жұмыстары Конюхов ауданындағы Мичурин атындағы, Булаев ауданындағы «Страна Советов» колхоздарында және Чистов совхозында тыңғылықты ұйымдастырылған.

Егінді дұрыс күту одан тұрақты, мол өнім алуға зор мүмкіншіліктер туғызады дедік. Олай болса, бұл жұмысты барлық шаруашылықта дұрыс ұйымдастырып, табысты жүргізу керек. Атап айту керек, облыстың көптеген колхоздары егінді күту, оның арамшөбін отау жұмыстарына әлі кіріскен жоқ. Кейбір колхоз басшылары быйыл ауа райы жақсы, егіннің көктеуі жаман емес, арамшөп онша көрінбейді деген зиянды пікірге салынып, егінді күтіп-баптау ісін осы күнге дейін ұйымдастырмай отыр. Бұл мүлде дұрыс емес. Өйткені, жауын- шөшіннің жиі болуы арамшөптердің өсуін тоқтатпайды. Егіншілердің басты міндеттерінің бірі —егінді күту, оның арамшөптерін отау жұмысын бүкіл жаз бойы үздіксіз жүргізу, барлық дақылдардың бітік өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Барлық колхоздар мен совхоздарда дәнді дақылдардың арамшөбін отауды олардың сабақтануына дейін толық аяқтау керек. Арамшөптердің бұл мезгілде тамырланып өсуіне жол бермеу қажет.

Тұқымдық дақылдар егілген участоктерге айырықша күтім жасалуға тиіс. Мұндай участоктердегі егінге жергілікті және минералды тыңайтқыштармен үстеме қорек берген жөн. Үстеме қорек егінге көктей бастаған кезде беріледі. Бір гектар егін алаңы 3—4 центнер күс сақырағы мен, 2—3 центнер күлмен, 1,5 центнер суперфосфатпен және 60-75 килограмм азот текті тыңайтқыштармен үстеп қоректендіріледі.

Картоп, күнбағыс, тамыржемісті егістер сыяқты отамалы дақылдар да жақсы күтімді керек етеді. Бұл дақылдарды күтіп, арамшөбін отағанда олардың бітік өсіп, мол өнім алынуын қарастыру керек. Күнбағыс егісінде тұрақты қос жапырақ пайда болысымен-ақ оның қатараралығының жиі-сиректігіне назар аударылады. Егер осы кезде егіс өте жиі өскен болса, оны сирету шараларын жүргізу қажет. Өйткені, өте жиі өскен күнбағыс егісі онша көп өнім бермейді. Егісті сирету жұмыстары механикалық жолмен, трактор және ат культиваторларымен жүргізіледі. Культиваторлар тұқым себілген ізге көлденең салынады. Культиваторлар табандарының кеңдігі 45-50 сантиметр, егіс түбінің кеңдігі 20-25 сантиметр болады. Егінді культиваторлармен сиреткеннен кейін егіннің түптерін қолмен шоқтау керек. Бұл жағдайда әрбір түпте жетіле өскен екі-үш сабақ қалады.

Егінді сиретумен бір мезгілде оның қатараралығы ұзын бойына 5-6 сантиметр тереңдікте культивацияланады. Бұдан кейін арамшөптің шығуына байланысты егінге екі-үш рет культивациялау жүргізіледі. Қай кезде болсын егінге үстеме қорек культивациялау алдынан беріледі.

Тамыржемісті дақылдар егісін де міндетті түрде сирету керек. Бұлай етпеген күнде одан мол өнім алу мүмкін емес. Бұл дақылдарға сирету оның сабақтары тарамдана бастаған кезде жүргізіледі. Жиі егін механикалық әдіспен сиретіледі. Малазығындық қызылша түптерінің қатараралығы 15-17, турнепс түптерінің қатараралығы 18-20 және жемшөптік сәбіз түптерінің қатараралығы 7-8 сантиметр болуға тиіс. Егіннің қатараралықтарын күту жұмыстарын кем дегенде үш рет жүргізу керек. Соңғысында оған 15 сантиметр тереңдікте культиватор жүргізіледі.

Картоп, овощь дақылдары, темекі және басқа да дақылдар бүкіл жаз бойына күтіліп, арамшөптерден таза, бітік өсірілуге тиіс.

Агрономдар мен егіс бригадаларының бригадирлері егінді күту жұмыстарының үздіксіз және тыңғылықты жүргізілуін қамтамасыз етулері керек. Ауылшаруашылық дақылдарына зиянын тигізіп, оны өсірмей тастайтын жәндіктерге қарсы үзбей күрес жүргізілуге тиіс. Егінді арамшөптен сақтауға, оны күтіп баптауға күнбе-күн көңіл бөлініп, бұл жұмыстар тыңғылықты жүргізілуі керек.

Егінді кезінде және дұрыс күту, одан мол өнім алуға қолайлы жағдай туғызады.

В. СОКОЛОВ,
Облыстық ауылшаруашылық басқармасының аға агрономы.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Комсомол ұйымдарына нақтылы басшылық керек

Совет аудандық партия комитетінің комсомол ұйымдарының жұмысына басшылығы туралы

Совет ауданының комсомол ұйымы, бүкіл еліміздегі сыяқты, жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуде зор роль атқарып келеді, шаруашылық және мәдени құрылыстың міндеттерін жүзеге асыруда партия ұйымдарының жауынгер көмекшісі болып отыр.

Аудан комсомолецтері мен жастарының 50 проценті өткен мал қыстату маусымына белсене қатысты. «Қазақстанның 30 жылдығы», «Совет», Каганович атындағы, Ленин атындағы, «Северный берег» және Сталин атындағы колхоздарда мал азығын тасу жөнінде 16 комсомол-жастар бригадалары жұмыс істеді. Көктемгі егіс кезінде егіс бригадалары мен трактор отрядтарында 40-тан астам комсомол-жастар топтары ұйымдастырылды. Олардың басым көпшілігі жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Мәселен, Қызылы совхозының трактершысы комсомолец Андрющенко жолдас 25 жұмыс күні ішінде трактор жұмысының жылдық жоспарын толық орындап, 332 килограмм жанар майын үнемдеді. Шағлы совхозының Иван Дик басқарған комсомол агрегаты «С—80» тракторымен әрбір сменада 150—200 гектар жерге тұқым себуді қамтамасыз етті. Ауданның жастары пөн шабу және пар жырту жұмыстарына белсене қатысуда.

Алайда, атап айту керек, егер бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитетінің комсомол ұйымдарына басшылық дәрежесі жоғары болса, комсомол ұйымдарының жұмысы анағұрлым жемісті болар еді.

ҚКП Совет аудандық комитетінің комсомол ұйымдарына басшылығы партияның XIX съезінің қойған талаптарына жауап бермейді. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін фактілерге тоқталайық. 1952 жылы және осы жылдың өткен алғашқы бес айында аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде комсомол жұмысы жөнінде небары бір-ақ рет мәселе қаралды. Мұның өзі де сәтсіздікке ұшырады. Аудандық партия комитетінің қаулысы бастауыш партия ұйымдарына және аудандық комсомол комитетіне жіберілмей, архивке тігілді. Осылай болғандықтан ол қаулының жүзеге асырылуы жөнінде қандай сөз болуы мүмкін.

Аудандық партия комитеті тарапынан тиісті басшылық пен бақылаудың жеткіліксіз болуын пайдаланып, бірсыпыра партия ұйымдары комсомол ұйымдарының жұмысын ұмыт қалдырып келеді. Бастауыш партия ұйымдары аудандық партия комитеті [illegible] сындағы тәрбие жұмысына мән бермейді. «Колос» колхозы партия ұйымы өзінің жыйналысында комсомол ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде екі рет мәселе қарап, қаулы алды. Бірақ, бұл қаулылардың жүзеге асырылуы ұйымдастырылмады.

Комсомолецтер мен жастарға саяси тәрбие берудің орасан зор маңызы бар екені мәлім. Алайда, ауданда комсомолдың саяси оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептердің бірсыпырасында оқу жылы ойдағыдай өткізілмеді. Көп жерлерде партияның XIX съезінің материалдарын үйрену формальды жүргізілді. Шағлы астық совхозының № 3 бөлімшесіндегі комсомолецтердің саяси үйірмесінің жетекшісі коммунист Бочкунов жолдас жыл бойына бірде-бір рет сабақ өткізбеген. Бұл жөнінде совхоз комсомолецтері партия бюросының секретары Прихненко жолдасқа талай рет хабарлады. Алайда, ол комсомолецтердің дабылына құлақ аспады.

Сталин атындағы колхоз комсомол ұйымының жанындағы үйірмеде жыл бойына небары төрт-ақ рет сабақ өтті.

Осы сыяқты, ауыл-село жастары үшін саяси тақырыптағы баяндамалар және лекциялар өте сирек ұйымдастырылады. Ауданда жастар арасындағы лекциялық насихатқа жете мән берілмей келеді. «Победа», «Игілік», «Красный полтавец» колхоздарында соңғы 5—6 айдан бері жастарға арналып лекциялар оқылмауы осы пікірімізді толық дәлелдейді.

Аудандық комсомол комитетінің, оның секретары Саберзьянова жолдастың жұмысындағы елеулі кемшіліктің бірі бастауыш комсомол ұйымдарымен байланысының жеткіліксіз болуында. Бастауыш комсомол ұйымдарының секретарларының семинарлары өткізілмейді. Олардың жиі ауыстырылуына жол беріледі. Быйылдың өзінде комсомол ұйымдарының секретарларынан 55 адам ауысты. Мұның өзі комсомол ұйымы жұмысының дәрежесіне керісінше әсер етпей отырған жоқ.

Алайда, аудандық партия комитеті комсомол ұйымдарының секретарларын іріктеп алу, тәрбиелеудегі кемшіліктерді жою жөнінде қажетті шаралар қолдануды ұмытып келеді.

Комсомолецтерді тәрбиелеуде комсомол ұйымының жалпы жыйналысының рөлі зор. Дегенмен, кейбір бастауыш партия ұйымдарының секретарлары комсомол жыйналыстарының кезінде өткізілуіне немкетті қарайды. Тек осының салдарынан бірсыпыра бастауыш комсомол ұйымдарында комсомол жыйналысы өткен жылы небары 2-3 ақ рет өтті. Ал, Қазақстан комсомолының VI съезінің қарарларын талқылау жөнінде 26 ұйымда күні бүгінге дейін комсомол жыйналыстары өткен жоқ.

Кейбір басшы қызметтегі коммунистер комсомол ұйымдары секретарларына көмектесудің орнына, олардың жұмысына бөгет жасайды. Киров совхозының директоры Дьяченко жолдас партия орнының нұсқауын бұрмалап, аудандық комсомол комитетінің совхоздағы мүшелерінің кезекті пленумдарға баруына бөгет жасады. Алайда, Дьяченко жолдастың жолсыздығы елеусіз қалды. Мұндай фактілер неғұрлым сирек емес.

Соңғы кезде шаруашылық ұйымдары басшыларының комсомол жұмысына немкетті қарауының салдарынан аудандық комсомол комитетінің пленумдары мен актив жыйналыстары белгіленген мерзімнен әдеуір кешігіп басталып жүр. Демек, шаруашылық ұйымдарының басшылары аудандық комсомол комитетінің мүшелерін пленумдар мен жыйналыстарға тек аудандық партия комитетінің секретарларының ерекше нұсқаулары болғанда ғана жіберуді әдетке айналдырған.

СОКП Уставы комсомол ұйымдарына тәсіпорнының, колхоздың, совхоздың ішіндегі кемшіліктерді жою міндетімен байланысты және олардың жұмысын жақсартуда социалистік жарысты ұйымдастыруда, көпшілік науқандарды өткізуде қажетті көмек беру міндетімен байланысты, олардың жұмысының барлық мәселелерін талқылау және тиісті партия ұйымының алдына қою жөнінде кең инициатива көрсетуге право береді. Осылай бола тұрса да, кейбір партия ұйымдары комсомол ұйымдарының инициативаларын кезінде қолдап, оны жүзеге асыру ісіне жете мән бермей келеді. Қызылы совхозының комсомолецтері Мячин, Панченко, Каргополов жолдастар жастардың техникалық оқуын ұйымдастыру жөнінде бірнеше рет мәселе көтерді. Бірақ, бастауыш партия ұйымы мен совхоздың дирекциясы комсомолецтердің бағалы ұсыныстарын жүзеге асырмай отыр.

Комсомол ұйымдары жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуде, оларды бесінші бесжылдықтың міндеттерін жүзеге асыру жолына ұйымдастыруда зор роль атқарады. Олай болса, аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары комсомолдың барлық жұмысына басшылықты партия қойған талаптарға сай ұйымдастырыпа тиіс.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Оқу-тәрбие жұмыстарына көңіл бөлінбей отыр

Булаев ауданындағы Екатериновка жетіжылдық мектебінде оқу-тәрбие жұмысы айтарлықтай жолға қойылмаған. Кластан класқа көшіру, мектеп бітіру емтихандарына да мектеп өзірліксіз кірісті. Жазғы емтихан алдындағы өткен программалық материалды қайталау жұмыстары да тиісті дәрежеде жүргізілмеді. Оқушылардың мектепті тастап кетуі, сабақтан қалып қоюы сыяқты фактілер жиі кездесті. Міне, осындай кемшіліктерді жою үшін мектеп директоры Григорьев жолдас ешқандай шаралар қолдана алмады.

Орыс тілінен (жазбаша) болған емтиханда 4-кластағы 36 оқушының 24-і «2» деген баға алды. Сол сыяқты, 5 кластағы 23 оқушыдан арифметикадан болған жазбаша сын жұмысында тек қана 3 оқушы «3» деген баға алды. Ал, қалғандары «2» деген баға алды. 4-кластың мұғалімі А. Чекирева бес жылдан бері қаладағы педагогикалық училищенің сырттан оқыйтын бөлімінің 3 курсында оқып келеді. Әлі бітіре алған жоқ. Оның үстіне, ол өзінің идеялық-саяси білімін көтермейді, тіпті газет, журналдардың өзін оқымайды.

Аудандық оқу бөлімі мен мектеп директоры маман педагог кадрларды дер кезінде іріктеп ала алмады. Мектептің тәжрибелі кадрлармен қамтамасыз етілмеуі салдарынан көптеген оқушылар быйылғы оқыған кластарында екінші жылға қалдырылды. Үстіміздегі 1952—53 оқу жылында Екатериновка жетіжылдық мектебінде не аудандық оқу бөлімі, не облыстық оқу бөлімі бірде-бір инспекторлық тексеріс жүргізіп көрген емес. Ал, жергілікті партия, совет орындары мектеп жұмысына көмек көрсетіп отырмайды.

Осы аудандағы Еңбекшіқазақ жетіжылдық мектебіндегі жағдай да дәл осындай. Осы мектепте орта білімі жоқ мұғалім К. Қанапин 5-6-кластарға арифметикадан сабақ береді. Ал, 10 класс көлемінде ғана білімі бар Ахметов және Ильясов сыяқты мұғалімдер 5-6-кластарға орыс тілі мен қазақ тілі пәндерінен сабақ беріп жүр. Мектептегі оқушылардың үлгеруінің ойдағыдай емес екенін осы жоғарыда келтірілген фактілермен-ақ дәлелдеуге болады. Мектеп директоры М. Қасенов мектептегі сабақ үлгерудің нашар екенін жасырып, жалған мәлімет берген. Егер бірінші жартыжылдықта 10 оқушы үлгермесе, кейіннен 3-4 тоқсандарда 20 оқушының сабақты үлгермейтіні байқалды. Еңбекшіқазақ жетіжылдық мектебін бітірген Дүйсенбаев, Есенғұлов, Бейсенбина және басқа оқушылар басқа онжылдық мектептерде оқуды үлгере алмай, мектептен шығып қалды. Бұл оқушылардың өткен жылы білімдері тым асыра бағаланған. Мемлекеттік емтихан комиссиясының мүшелері оқушылардың білімін бағаларда ымырашылдыққа, танысшылдыққа салынған.

Булаев аудандық оқу бөлімі Екатериновка және Еңбекшіқазақ жетіжылдық мектептеріне тәжрибесі мол, маман педагог кадрларды жіберіп, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын кәзіргі қойылатын талаптарға сәйкес жоғары көтеруге тиіс.

Ә. ЗАҒЫПАРОВ,
ҚЛКЖО Булаев аудандық комитетінің бөлім меңгерушісі.

Жабулы дүкен

Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының № 1 бригадасында Жақыпова жолдас біраз уақыттан бері дүкенші болып істейді. Ол көбіне көпшілік тұтынатын керекті товарларды дүкенде емес, өз үйінде сатады. Ал, дүкен қай уақытта болсын жабық тұрады. Жұмыс басынан келген колхозшылар дүкенші Жақыпованы таба алмай, бес километр жердегі орман шаруашылығы дүкеніне баруға мәжбүр болады.

Бұл жағдай Ленин селолық тұтынушылар қоғамының қызметкерлеріне көп тен белгілі. Амал не, олар осыған ешқандай шара қолдана алмай отыр. Ленин селолық тұтынушылар қоғамының пред седателі дүкеннің тиісті уақытында ашылып, оның жұмысын жолға қойса екен.

Қ. ҚАЖЫТАЕВ.

КӨПІР ЖӨНДЕЛСЕ ЕКЕН

Ленин ауданында көпір жөндеу, жол салу жұмыстары айтарлықтай жолға қойылмай отыр. Өткен жылы Александровка селосының жанынан көпір салынған болатын. Көпірдің нашар салынуы салдарынан ол екі ай бойы ғана пайдалануға жарады. Мұндай жағдай ауданның басқа да жерлерінен кездеседі. Ал, аудандық жол құрылысының бастығы С. Баскатов жолдас көпірлер мен жолдардың сапалы жөнделіп, олардың деркезінде жұмысқа қосылуына жете мән бермей отыр.

Аудандық Совет аткомі мен жол құрылысы бөлімінің бастығы Баскатов жолдас жолдар мен көпірлерді жөндеу жұмыстарын мейлінше жақсартуға тиіс.

Б. МҰСТАФИН.

Әйелдердің Бүкіл дүниежүзілік Конгресіне Пак Ден Айдың жолдауы

ПЕКИН, 9 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Пхеньяннан былай деп хабарлады:

Кореяның Демократияшыл әйелдер одағының председателі Пак Ден Ай әйелдердің Бүкіл дүниежүзілік Конгресіне құттықтау жолдама жіберген. Пак Ден Ай өзінің құттықтауында корей халқының бостандық, тәуелсіздік және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолындағы күресін қолдағаны үшін Конгрестің делегаттарына шын жүректен алғыс айтады.

Корей әйелдері және бүкіл корей халқы, делінген жолдауда, әйелдердің Бүкіл Дүниежүзілік Конгресіне баратын корей делегаткаларының баруына Дания үкметінің рұқсат беруден бастартқанын қатты ызаланғандықпен естіді.

Корей әйелдері мен бүкіл корей халқының атынан Дания үкметіне бұл масқаралық ісі үшін батыл наразылық білдіремін.

Қорытындысында Пак Ден Ай корей әйелдері өз достарының және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіл әйелдердің үніне үн қосады дейді.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 10 июнь. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 10 июньде өткен күні майдандарда өзгеріс болған жоқ деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері душпанның 3 самолетін атып түсіріп, 6 самолетін зыяндады.

ПАНЬМЫНЬЧЖОНДЕГІ МӘЖЛІС ТУРАЛЫ КОРЕЙ- ҚЫТАЙ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МАЗМҰНДАМАСЫ

ПЕКИН, 10 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Паньмыньчжоннан 10 июньде корей- қытай делегациясы жариялаған мазмұндаманың төмендегі текстін берді.

10 июньде жабық мәжлісте екі жақтың делегациялары 11 июньнен бастап қажет болған уақытта қайталануға тиіс пленумдық мәжлістерді уақытша тоқтатуға қарар қабылдады. Штаб офицерлері бұрынғысынша өздерінің мәжлістерін өткізе беретін болады.

10 июньде екі жақ делегацияларының пленумдық мәжлісінен кейін штаб офицерлерінің жабық мәжлісі болды.

АҚШ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ВАШИНГТОН, 10 июнь. (СОТА). Мемлекеттік департамент баспасөз үшін берілген мәлімдемесінде «1953 жылы 8 июньде Паньмыньчжонда соғыс тұтқындары туралы қол жеткен келісім шартының жүзеге асыру үшін. Біріккен

мәселелеріне үстірт қарайды, жастар ара-

да, әсіресе, Ахмекелді атындағы, «Борьба за коммунизм» колхозының комсомол

М. ӘЛКЕНОВ.

Үйірмедегі қорытынды сабақ

Молотов атындағы колхоз (Соколов ауданы) партия ұйымының жанындағы партия тарихын үйренетін үйірмеде насихатшы Ухабова жолдас қорытынды сабақтарды партияның XIX съезінің материалдары бойынша ұйымдастырды.

Тыңдаушы коммунист, трактор бригадасының бригадирі Лавров жолдас ССРО-да өнеркәсіпті өркендету жөніндегі сұраққа мазмұнды жауап берді. Ол өнеркәсіптің өсуі нәтижесінде совхоздар мен МТС-тердің техникамен жабдықталуының артқандығын жергілікті фактілермен дәлелдеп берді. Осы сыяқты, тыңдаушылар Ахременко, Прищельцин, Головоненко жолдастар да қойылған сұрақтарға толық жауап беріп, съезд материалдарын түсіне үйренгендіктерін көрсетті.

Сонымен қатар, қорытынды сабақтарда үйірменің жұмысындағы кемшіліктердің бәті ашылды. Кейбір тыңдаушылар қойылған сұрақтарға жауап бергенде программалық материалдарды жергілікті фактілермен, аудан өмірімен байланыстыра алмады.

Мұндай кемшіліктер жаңа оқу жылында қайталанбауға тиіс.

Ә. ЕСЕНОВ.

ҚАЛАЛЫҚ КОМСОМОЛ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

Жақында қалалық комсомол комитетінің кезекті IV пленумы болып өтті. Пленумда БЛКЖО мүшелерінің есебінің жайы туралы мәселе қаралды.

Баяндама бойынша пленумда 13 адам сөз сөйледі. Олар комсомол мүшелерінің есебі кейбір бастауыш комсомол ұйымдарында нашар екендігін, бұл іске қалалық комсомол комитеті нақтылы басшылық жасай алмай отырғандығын сынады.

Пленум БЛКЖО мүшелерінің есебінің жайын жақсартудың нақтылы шараларын белгілеген қаулы қабылдады.

ПРАКТИКА КҮНДЕРІНДЕ

Қаладағы Ушинский атындағы мұғалімдер институтының жаратылыс танугеография факультетінің бірінші курсының студенттері оқу жылын табысты аяқтап, бұл күндері практикада жүр. Олар көзір өздерінің алған теориялық білімдерін практикада қолдануда.

Практиканттар 4 топқа бөлінді. Әр топты арнаулы адамдар басқарады. Практикант-студенттер жер қыртысын тексеріп, қаланың солтүстік-батысын қартаға түсіреді. Олар бірнеше күннен кейін доцент А. Клурдің басқаруымен Омскінің ауылшаруашылық институтына барып, ондағы асыл тұқымды малдармен, түрлі өсімдік тұқымдарының түрлерімен танысады.

К. СМАҒҰЛОВ.

БӘРІ ДЕ КЕЛЕСІ КЛАСҚА КӨШТІ

Киров атындағы № 2 ер балалар мектебінің 5-6-кластарында оқыған барлық 225 оқушы түгелдей келесі класқа көшті. Мұның ішінен 115 оқушы «оқу жылын «4» және «5» деген бағалармен аяқтады. Олардың көпшілігі көзір пионер лагерьлерінде дем алуда, туған өлкеге саяхат жасауда.

Ал, 7-10-кластардағы 197 оқушы мемлекеттік және кәмелеттік аттестат емтихандарын ойдағыдай тапсырып келеді.

Қ. БАЙБАТЫРОВА.

Мемлекеттік және жергілікті бюджеттер

СОКП XIX съезі белгілеп берген коммунизм құрылысының ұлы программасын жүзеге асыру үшін ССРО-ның экономикасы мен мәдениетін одан әрі өркендету ісіне миллиардтаған сом қаржы жұмсау қажет болады. Бұл міндетті іс жүзінде ойдағыдай орындауда мемлекеттік және жергілікті бюджеттер аса маңызды роль атқарады.

Облысымыздың экономикасының үздіксіз өсуімен бірге бюджет кірісінің базасы нығайып, оның көлемі арта түсіп тұр. Халықтың үнемі өсіп отырған материалдық және мәдени тілектерін қанағаттандырып отыру үшін бюджеттен бөлінетін қаржы жыл сайын артуда.

1953 жылы облысымыздың жергілікті бюджеті бойынша халық ағарту, денсаулық сақтау ісіне және басқа да әлеуметтік- мәдени шараларға 104 миллиард сомнан астам қаржы жұмсау қарастырылып отыр, яғни бұл соғысқа дейінгі 1940 жылы осы мақсаттарға бөлінген қаржыдан 2,4 есе, 1946 жылғымен салыстырғанда 2 есе артық.

Облысымызда теккана жергілікті бюджет есебінен 535 бастауыш, жетіжылдық орта мектеп және арнаулы бірнеше орта мектептер жұмыс істейді, буларда 67 мың адам оқу оқыйды. Денсаулық сақтау, мәдени- ағарту мекемелері жергілікті бюджеттен қаржыландырылуда. Халық ағарту және денсаулық сақтау бөлімдерінің балалар үйлерінде, интернаттарда және сан алуан балалар мекемелерінде үш мыңға жуық бала мемлекет есебінен тәрбиеленуде. Еңбек және соғыс мүгедектеріне жәрдем төлеуге, әлеуметтік қамсыздандыру ісіндегі мүгедектерге, сол сыяқты, көп балалы және жеке басты аналарға мемлекет жәрдемін төлеу үшін бюджеттен өте көп қаржы жұмсалуда.

Халық шаруашылығын онан әрі өркендету және халық шаруашылығы жоспарын мен бюджетте қарастырылған шараларды ойдағыдай жүзеге асыру міндеті үздіксіз қаржыландырып отыруды және үнемі қаржы қорларымен қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл талапты орындауда әрбір ауданда, әрбір ауыл- селолық Советте және облыс бойынша бюджет кірісінің жоспарын орындап қана қоймай, асыра орындаудың аса зор маңызы бар. Сонымен бірге, кіріс жоспарларының деркезінде және толық орындалуының нақтылы және халықшаруашылығындық маңызы сонда —қай ауданның, ауыл- селолық Советтің жерінде болмасын кіріске түскен қаржының бір бөлегі жалпы мемлекеттік шараларға жұмсау үшін мемлекеттік бюджеттің кірісіне түседі.

Мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің кірісінің негізі айналым салығы мен және табыстан бөлінетін бөліс ретінде түсетін социалистік шаруашылық қоры болып саналады. Мемлекеттік кірістер бойынша жоспардың орындалуы өнеркәсін орындарының көпшілік қолды товар өндіру жөніндегі өндірістік программаларды орындауына, товар айналымын өрістетуіне байланысты.

Айналым салығының кіріске толық түсуі көбінесе өндірістің және товар айналымының қаншалықты жылдамдатылуына, сол сыяқты, товарлардың белгіленген түр- түрінің тұтынушыларға тез жеткізіліп тұруына тікелей байланысты.

Алайда, облысымыздың көптеген шаруашылық және сауда ұйымдары басшыларының бұл шарттарды орындамай және өздерінің бюджет алдындағы міндеттерін орындау үшін қажетті шара қолданбай отырғандығын атап өтуіміз керек. Мәселен, 1952 жылы жекелеген шаруашылық орындары бюджет кірісіне айналым салығынан түсетін салықты 15872,0 мың сом, ал, үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында 16900,0 мың сом кем берді. Ет комбинаты айналым салығы бойынша бірінші тоқсанның жоспарын небары 61 процент, арақ-шарап заводы— 77 процент, сыра заводы— 86,3 процент және тұтынушылар кооперациясы — 44 процент қана орындады.

Кіріс түсімі жөніндегі жоспарлардың толық және асыра орындалуы төлем және есеп- қисап тәртібінің нығайтылуымен тығыз байланысты. Ал, кейбір кәсіпорындары мен ұйымдар бұл тәртіпті бұзу әдетінен әлі күнге арылмай келеді.

Бюджет кірісінде табыс салмағының алатын орны едәуір зор. Бұл кірістің бюджетке деркезінде түсіп отыруы үшін еңалдымен шаруашылық ішіндегі социалистік қордың көздерін жете пайдалану, шаруашылық есепті үнемі нығайтып отыру, үнем тәртібін күшейту, шаруашылықтың пайдалылығын арттыру қажет.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының коллективтері бұл міндеттерді ойдағыдай орындау жолында қызу күрес жүргізіп келеді. Облысымыздың жергілікті және отын өнеркәсібі мен кәсіпшілік кооперацияларының көптеген кәсіпорындары 1952 жылы өндірістік программаны орындауда, өнімнің өзіндік құнын кемітуде және социалистік қорды арттыруда айтарлықтай табыстарға жетті.

Дегенмен, облыстық жергілікті өнеркәсіптің, облыстық кәсіпшілік кооперацияларының басшылары Соколов және Трушкин жолдастар жалпы цифрлардың көлеңкесінде қалып, өнімнің сапасыз шығарылуына жол беріп, жауапсыздыққа салынып келеді. Сондықтан буларға қарасты кәсіпшілік кооперацияларының көпшілігі өнімдердің тағайындалған түр-түрін шығару жоспарын орындай алмады. Өндірістік ақауға жол берілгендіктен «Молот» артелінде өнімсіз шығынның мөлшері 26,0 мың сомға жетті.

Халықтан алынатын салық төлемінен түсетін кірістің мөлшері көп болмаса да, оның жергілікті және мемлекеттік бюджеттен алатын саяси және халықшаруашылығындық маңызы зор. Өйткені, ол бюджет арқылы еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін онан әрі көтеруге бағытталған жалпы мемлекеттік ақша қорларын жасауға еңбекшілерді қатыстырудың бір түрі болып саналады. Сондықтан салық қаржысының әрбір сомы бюджетке толық, заң жүзінде бекілген мерзімінде түсіп отыруға тиіс.

Алайда, финанс орындары мен жергілікті Совет атқомдерінің жұмысы қанағаттанғысыз істеуінен облыстық жекелеген аудандары мен ауыл- селолық Советтерінде салықтың кейбір түрлері бойынша салық жарналарының түсуі қанағаттанғысыз болып отыр.

Салық жыйнау әсресе Булаев, Ленин және Петропавл аудандарында қанағаттанғысыз. Салық жыйнауды ойдағыдай жүргізу үшін халық арасында көпшілік- түсінік жұмыстарын өрістете жүргізу қажет. Бұл жұмыс өз дәрежесінде жүргізілген жерлерде салық жарналары деркезінде, тіпті мерзімінен бұрын төленіп отырылады. Петропавл ауданындағы Петерфельд селолық Советінің салық агенті Молдахметов, Преснов ауданындағы П. Топоров, П. Тютин, Приешім ауданындағы Мурых жолдастар ауыл- село еңбекшілері арасында көпшілік -түсінік жұмыстарды ойдағыдай жүргізу нәтижесінде халықтан алынатын салық жарнасын жыйнау жоспарын үнемі асыра орындап отырады.

Финанс орындары мен жергілікті Советтердің міндеті —түсінік жұмыстарын өрістете жүргізе отырып, жергілікті жерде салық жыйнау жұмысын жақсарту арқылы қаржы жыйнау жоспарының үнемі табысты орындалуын қамтамасыз ету. Халықтың жыйнақ кассаларындағы вкладтары және мемлекеттік заемдар бойынша уақытша мемлекет қарамағына беретін қаржысы да халық шаруашылығын қаржыландырып отыруға пайдаланылатын бюджет кірісінің маңызды қайнар бұлағы болып саналады.

Еңбекшілердің әл- ауқат күйінің үздіксіз жақсаруы халықтың жыйнақ кассаларындағы вкладтары мен заем жарналарының үздіксіз артуына зор мүмкіншілік туғызуда.

Бюджет кірісінің негізгі көздері бұл ғана емес. Бюджет кірісінде МТС, орман шаруашылығы табысынан, көпшілік орындарынан, колхозшылардан алынатын кіріс салығының және басқаларының алатын орны зор. Сондықтан аталған ұйымдардың басшылары жұмысты жақсарту, өндірістік- финанс жоспарларын орындау, үнем тәртібін, бюджет алдындағы міндеттерінің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жергілікті бюджеттің орындалуы және ақша қаражатының үздіксіз жыйналуы жергілікті Совет атқомдерінің жұмысты ұйымдастыру дәрежесіне байланысты. Бұл міндетті орындау үшін бюджеттің кәсіпорны мен ұйымдардың өндірістік- финанс жоспарларының, сол сыяқты, қаржы жыйнау жоспарларының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Финанс орындарының міндеті бесінші бесжылдық жоспарда белгіленген халық шаруашылығындық міндеттерді қажетті қаражатпен үздіксіз біркелкі қаржыландырып отыруды қамтамасыз ету, ол үшін әрбір сомға бақылауды күшейтіп, барлық күш- мүмкіншілікті сол мақсатқа жұмылдыру болып саналады.

Б. ТІЛЕГЕНОВ,

Облыстық финанс бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Ұлттар командованиесінің атынан АҚШ 9 июньде Швеция, Швейцария, Польша, Чехословакия және Индия үкметтеріне олардың Вашингтондағы миссиялары арқылы ескертпе хат тапсырып, онда осы үкметтерден жоғарыда көрсетілген келісім бойынша жасалынуға тиіс соғыс тұтқындарын еліне қайтару жөніндегі бейтарап елдер комиссиясының құрамына кіруге олар әзір ме деп сұраған».

Мемлекеттік департамент ескертпе хаттың текстін баспасөз бетінде жариялауға берді.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА ПАТРИОТТАРДЫ ҚУДАЛАУ

БЕРЛИН, 10 июнь. (СОТА) АДН агенттігінің хабарына қарағанда, 8 июньде Дортмундте төтенше қылмыс істер сотында Бонн үкметінің соғыс договорларына қарсы наразылық білдірген 1952 жылы декабрьде болған Эссендегі демонстрацияға қатысушы 15 батыс герман патриоттарына сот процесі басталған. 8 патриот 6 ай бойы тұтқында отырды.

Агенттік мәжліс кезінде сот үйі полицейліктердің қоршауында болды деп хабарлайды.

АФИНЫ ЖӘНЕ ПИРЕЙ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖАППАЙ ЕРЕУІЛІ

АФИНЫ, 10 июнь. (СОТА). Газеттер 8 июньде түнгі сағат 12-де басталған Афины және Пирей жұмысшылары мен қызметшілерінің 24 сағаттық жаппай «алдын ала ескерту» ереуілі толық табыспен өткендігін хабарлайды.

Ереуілге 180 мыңнан астам жұмысшылар мен қызметшілер, яғни Афины және Пирей еңбекшілерінің 90 проценті қатысқан.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КЕТО және КОТЭ»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЧУК және ГЕК»

Сеанстар сағат 4-те басталады.

«Голубка» атты құла және «Нарзан» атты қоңыр аттар жоғалды.

Көрген, білгендер болса мына адреске хабарлауын сұраймыз: Петропавл қаласы, Володарский көшесі, 5-үй «Сельхозмука».

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор— 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01324. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.